





*Антикафе* — бұл уақыттан басқасының бәрі тегін болатын қоғамдық орын. Кафе немесе мейрамханадан айырмашылығы келушілер өздерін *еркін* ұстайды. Қонақтарға ұсынылатын қызметтің негізгі түрі — уақытты қызықты әрі тиімді өткізуге, көңіл көтеруге, маңызды оқиғаларды атап өтуге жағдай жасау.

**Мұндай орындарда көбіне бір үлкен зал немесе үй сияқты жабдықталған бірнеше бөлме болады.**



**Қонақтар еркін жайғасып, өздеріне сусындар дайындайды.**



**Келушілер өздерімен бірге ас-суын әкеле алады.**

**Алкоголь мен шылым шегуге тыйым салынған!**

**Көптеген антикафелер үстел және видеоойындарға баса назар аударады. Әдетте тегін Wi-Fi арқылы қолжетімді интернетпен және ортақ принтермен қамтамасыз етіледі.**





**Шығармашылықпен еркін  
айналысуға мүмкіндік бар  
және бірқатар антикафелер  
кворкинг түрінде жұмыс  
атмосферасын  
қалыптастырған.**



2010 жылы жас жазушы Иван Митин достарымен Покровкадағы үйлердің бірін жалға алып, «Дом на дереве» атты орын ашады. Стартты бюджет 50 мың рубльді құрайды. Америкада сәтті жүзеге асқан “Free donations” принципін негізге ала отырып жұмыстарын бастап кетеді.





Иван Митиннің бір қателігі – жұмысқа достары мен таныстарын алуында болды. Олар барлығын бірден жасауға тырысты. Нәтижесінде ештеңе де шықпады. Достықтары оларды жұмыстан шығаруға кедергі келтірді. Сонда да тақырға отырып қалмас үшін кадрларды қысқартуды бастады. Енді серіктес-достары одан өз үлестерін талап етті. Бұл – құрдым болатын. Осы кезде көмекке бизнесмен Владимир Кульчицкий келді. Ол Митиннің серіктестерінің үлестерін сатып алды. Қазір барлық “Циферблат” екеуінің меншігінде.

2011 жылдың басында Митин өз жобасын бизнеске айналдыруды шешеді. Алғашқы «минут= рубль» схемасы бойынша жұмыс істейтін «Циферблат» 2011 жылы қыркүйекте Покровкада ашылды.

Бүгінде «Циферблат» Мәскеуде, Киевте, Қазанда, Төменгі Новгородта, Одессада, Санкт-Петербургте қонақтарын құшақ жая қарсы алуда.



*«Антикафе» термині Митиннің бәсекелестері «Бабочки»-ға тиесілі. «Циферблаттықтар» өз кафелерін «бос кеңістік» деп атаса, тағы бір бәсекелестері Local Time «үшінші орын» терминін құп көреді.*



## **Бәсекелестермен не істеу керек?**

Алғашқы «Циферблат» пайда болғаннан кейін басқа қалаларда оның аналогтары жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаптай жөнелді. Олардың иелері идеяны Митиннен алғанын ашық айтады.

Батыс елдерінде жалдау ақысы төмен, ал қонақтар көп ақша шығындауға дайын. Посткеңестік елдерде ғимарат иесінен де, келушілерден де ондай жомарттық күту ақымақтық болар еді. Сондықтан «Циферблат» арнайы бағдарлама дайындады.

Әр кафеде кітаптар бар, белгіленген уақыттарда лекциялар, әдеби кештер, шығармашылық кештер өткізіліп тұрады.

Төлем жасаудың ең жақсы жүйесін ойлап табады. Ол бойынша максималды төлем бірінші сағатқа төленеді. Кейін төлем ақысы екі есе азайтылады да, алты сағаттан соң барлығы тегін болады.



2012 жылдан бастап антикафелердің ашылу масштабы кеңейді. ТМД елдеріне және Еуропа нарығына (Чехия, Словакия, Франция, Германия, Англия), тіпті АҚШ-қа да тарала бастады.



